

Ресми рецензент педагогика ғылымдарының докторы, Қасымова Рашида Тәуекелқызы  
 6D011900 – «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
 дайындалған Халел Агнурдың «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік  
 дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі

	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/ немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1.2 Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.	Сәйкес рецензенттің ұстанымы «Болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын шеттілдік білім беру барысында» деп аталатын диссертациясы дүниежүзілік аренада мемлекетіміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуы жағдайында шетел тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану басымдыққа ие болып отыр. Жоғары оқу болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын шеттілдік білім беру барысында қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтау қажеттілігі зерттеу тақырыбын «Болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын шеттілдік білім беру барысында қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» деп таңдап алуға себеп болған. Қазіргі ғалым-әдіскерлердің коммуникативтік дискурс тақырыбына көбірек көңіл бөлуіне қарамастан, бұл тақырып әлі толық дамыған емес және ғылыми зерттеулерге арналған сала болып отыр. Болашақ дипломаттарды даярлауда олардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда интегративтік технологияларды қолданудың ерекшелігін зерттеуге арналғандығы зерттеудің көкейтестілігін көрсеткен.

			<p>Сонымен қоса, қоғамдағы жоғары деңгейлі мәдениетаралық құзыреттілікті меңгерген, жаңа типтегі кәсіби дипломат мамандарға деген қажеттіліктің артуы мен осы мамандар бойындағы мәдениетаралық дискурсты қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық және әдістемелік-технологиялық тәсілдерінің әлі күнге дейін жасалмауы өзекті мәселе болып табылады.</p> <p>2. Жұмыстың нәтижелері Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы және Дипломатиялық, саяси және іскерлік дискурс саласындағы зерттеулер» деп аталатын басым бағыттарына сәйкес келтірген.</p>
2	2. Ғылымға маңыздылығы	2.1 Диссертацияға қойылатын («Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 9, 10 тармақтарында және ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.	<p>1.Болашақ дипломаттарды даярлаудағы мәдениетаралық коммуникативтік дискурстың анықтамасына талдау жасалған.</p> <p>2. Болашақ дипломаттарды даярлауда олардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру моделі ұсынылған. Мәдениетаралық коммуникативтік дискурстың сәйкес компоненттеріне және мәдениетаралық коммуникативтік дискурстың даму кезеңдеріне сипаттама берілген.</p> <p>3. Дипломат мамандарды даярлау негізінде мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың моделін құраушы негізгі компоненттердің қатарына тәсілдер, ұстанымдар және аспектілер белгілеген.</p> <p>4.Болашақ дипломаттарды даярлауда олардың</p>

			<p>мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру интегративтік технологияларды қолдану көмегімен жүзеге асырылған. Зерттеудің тәжірибелік кезеңіндегі «Шеттілдік коммуникациясына бағытталған кәсіби тілдік курсы» пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы құрастырылған. Бағдарлама Ғылымды дамыту бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары сияқты мемлекеттік бағдарламалармен регламенттелген.</p> <p>Зерттеу барысында автор Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде, дайындалған заманауи шеттілдік білім берудегі мәдениетаралық-коммуникативтік тұжырымдамасына негіздеген. Яғни, тапсырмалар жыйынтығы орындалуы нақты нәтижелер мен түйіндер жасауға мүмкіндік берді.</p> <p>Жалпы алғанда, жоғарыда айтып кеткендей жұмыстың маңыздылығы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурс мәселесін қазақ-түрік тілдері негізінде қарастыруында, осы бағытта диссертация заманауи тіл біліміне белгілі өз үлесін қосады деп санаймын.</p>
3. Өзі жазу принципі	3.1	<p>Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің (қағидасының) тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.</p>	<p>Зерттеудің жаңалық дәрежесі жоғары екендігін дәлелдейді. Нақтырақ пайымдасак, олар:</p> <p>Біріншіден, дипломат мамандарды даярлау негізінде мәдениетаралық коммуникативтік дискурсқа қатысты ұғымдарға анықтамалар талданды. Мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың моделі дайындалды. Шетел тілін оқытудағы мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мен шетел тілін білу мәдениетаралық өзара әрекеттің сәтті болуы</p>

			<p>моделдің негізгі мақсаты болып табылды.</p> <p>Екіншіден, педагогикалық модельдеу теориясының тұжырымдамалық ережелеріне сәйкес кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру әдістемесі жүйелі, бір-бірімен байланысты, функционалды түрде біріккен, түпкілікті нәтижеге жетуге бағытталған танымдық-метатілдік, ақпараттық-жинақтау, интегративтік-өкілдік кезеңдерден тұрады. Бұл кезеңдердің орындалуы мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың деңгейлерін табысты жүзеге асырады.</p> <p>Үшіншіден, диссертациядағы тәжірибелік-эксперименттік кезеңдегі «Шетілдік коммуникациясына бағытталған кәсіби тілдік курсының» пәні бойынша құрастырылған жұмыс оқу бағдарламасы, тапсырмалар жиынтығының құрастырылуы нақты нәтижелер мен тұжырымдар беруге себеп болды. Дипломат маманның мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудағы дипломаттық кәсіби оқытудың даму сатылары мен моделін жасаған.</p>
4	4. Ішкі бірлік принципі	4.1 Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.	<p>Докторлық диссертацияның кіріспе бөлімінде зерттеудің өзектілігі, мақсаты, міндеттері, зерттеу пәні, нысаны, әдістері, жаңалығы, негізгі тұжырымдары мен болжамы ұсынылды. Зерттеудің үш тарауы бойынша тақырыпқа сай зерттеу еңбектері мен әдістемелік материалдар дәйектелген.</p> <p>Диссертацияның теориялық бөлімінде «құзыреттілік», «мәдениетаралық коммуникативтік дискурс», «коммуникативтік құзыреттілік» терминдеріне анықтамалар берілген. Оның қалыптастырудағы дипломаттық кәсіби оқытудың даму сатылары мен ерекшеліктері анықталды. Құзыреттілікке-бағытталған білім беру мәселесі мен ондағы анықтамалар бойынша</p>

5	5. Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ізденушінің алынған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.	Диссертацияның қорытындыларын жаңа деп санауға болады. Сондықтан жұмыста ұсынылған әрбір тұжырым жаңа болып есептеледі. Сонымен қатар жұмыста диссертант өзінің жаңа стратегиялық бағытын ұсынып, оларды дәлелдеген.
		5.2 Технологиялық бағыты:	Диссертацияның талдау технологиялары және солармен байланысты шешімдері жартылай жаңа болып табылады, себебі тақырыптың эмпирикалық зерттелуінің тәсілдері мен принциптері нақты анықталып қолданылған.
6	6. Негізгі қорытынды	6.1 Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толығына растама.	<p>-дипломаттық шеттілдік дискурс мәдениетаралық коммуникацияның бір бөлігі болып табылады, ол оқыту мақсатында саяси және іскерлік дискурстарының интеграциясы ретінде сипатталған.</p> <p>-дипломаттық дискурсын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі, әлеуметтік-мәдени, тұлғалық іс-әрекеттік, кәсіби дипломатиялық және құзыреттілік (компетентілік) тәсілдер, коммуникативтік-мәдениаралық өзара әрекеттесу принципі, проблемалық тапсырмалардың үстемдігі принципі, коммуникативтік-аналитикалық принцип және ситуациялық принциптер және интегративтік технологиялар, яғни (жан-жақты коммуникативті, проблемалық, модульдік оқыту) жүйесі болып табылған.</p> <p>-дипломатиялық шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру моделдің жүзеге асырылуы интегративті технологиялар негізінде құрылған, олар кәсіби дискурсивтік-дипломатиялық, коммуникативтік-аналитикалық, болжамдық-кәсіби субкомпетенцияларды қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>- дипломатиялық шеттілдік дискурсты қалыптастырудағы құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігі дидактикалық шарттары негізінде тапсырмалар мен</p>

			жаттығулар жиынтығымен тексерілген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидалар	<p>7.1 Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.</p> <p>Қорғауға ұсынылатын қағидалар:</p>	<p>1. Дипломаттық дискурс мәдениетаралық күзiреттiлiктiң бiр бөлiгi болып табылады, ол оқу мақсаттарында саяси және iскерлiк шеттiлдiк бiлiмнiң интеграциясы ретiнде сипатталған.</p> <p>2. Дипломатиялық дискурсты қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделi амалдар, принциптер және технологиялар жүйесi болып табылды.</p> <p>3. Дипломатиялық дискурстың моделiн жүзеге асыруы интегративтi технология негiзiнде құрылған, ол субкомпетенцияларды қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>4. Дипломатиялық дискурсты қалыптастырудағы құрылымдық-мазмұндық моделдiң тиiмдiлiгi тапсырмалар мен жаттығулар жиынтығымен тексерiлген.</p> <p>Зерттеушiнiң диссертациясында тұжырымдап көрсеткен нәтижелерiнiң, тұжырымдары мен қорытындыларының негiзделуi және шынайылық дәрежесi талапқа сай.</p> <p>Зерттеу материалдары мен дереккөздерi қазiргi кездегi құзыреттiлiкке-бағытталған бiлiм берудегi мәдениетаралық коммуникативтiк дискурсты қалыптастыру бойынша еңбектердi қамтыған. Болашақ дипломаттарды даярлаудағы мәдениетаралық коммуникативтiк дискурстың анықтамасына талдау жасалған.</p> <p>Болашақ дипломаттарды даярлауда олардың шеттiлдiк мәдениетаралық коммуникативтiк дискурсын қалыптастыру моделi ұсынылды. Дипломат мамандарды даярлау негiзiнде мәдениетаралық коммуникативтiк дискурсты қалыптастырудың моделiн құраушы негiзгi компоненттердiң қатарына тәсiлдер, ұстанымдар және аспектiлер белгiленген.</p>
8	Дәйектiлiк	8.1 Әдiстеменiң таңдауы -	Диссертацияның кiрiспесiнде автор қолданатын әдiстерiн

	<p>принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p>	<p>атап өткен. Диссертация тақырыбының ауқымдылығы кең болғандықтан әдіс-тәсілдері негізделіп және олардың қолдану жолдары жазылып көрсеткен.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері интеграциялық технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интегративті технологиялары арқылы және көптеген әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>	<p>Ізденуші жұмысын дайындау барысында ақпаратты интернет платформаларда орналасқан өзінің тақырыбына келетін ғылыми еңбектерді оқыған. Диссертант интегративтік технологияларды қолдану арқылы керек жұмыстарын жинап, оларға талдау жасағанын байқауға болады және тақырыптың мақсаты мен міндеттеріне сай сілтемелер келтірілген.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді)</p>	<p>Жұмыстың қорытындылары және контент талданған. Сонымен қатар салыстырмалы жолдарымен жеткен нәтижелері арқылы дәлелденген. Автор дискурс саласына жататын тақырыпты интеграциялық, әдістерін қолданып зерттеуге негізінде терең мазмұнды нәтижелерге қол жеткізген деп ойлаймын.</p>
		<p>8.4 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/ жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Оның саны 148 бірліктен астам. Оған қоса дереккөздер келтірілген, жалпы саны 94.</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p>	<p>1.Зерттеу нәтижелерін, атап айтсақ болашақ дипломат мамандар бойында мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру бойынша теориялық тұжырымдамалар мен нәтижелерді шеттілдік білім беру әдістемесін одан әрі дамытуға арналған лингвистикалық, психолінгвистикалық және психологиялық бағыттарды дамытуда теориялық материалдар ретінде қолдануға</p>

			<p>мүмкіндік бар.</p> <p>2. Зерттеу еңбегінің практикалық маңыздылығы болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда оқу бағдарлама мен кешенді тапсырмалары, кәсіби шетел тілін оқытуда диссертацияның материалдары практикалық қолданыс таба алады, шеттілдік сабақтарында пайдалануға болады.</p>
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	10.1 Академиялық жазу сапасы:	<p>Зерттеу жұмысы бойынша <i>шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыратын тапсырмалар несімен ерекшеленетіндігі нақты қарастырылса, зерттеудің құндылығы арта түсер еді.</i></p> <p><i>Тәжірибелік-эксперимент кезінде интегративті әдістер бойынша орындалған тапсырмалар мен жаттығулар кешенін дипломат мамандарды даярлауда көмекші құрал ретінде дайындап баспаға шығаруға болады және зерттеу жұмысы қорғауға ұсынылады.</i></p>

Ізденуші А.Халелдің «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы ұсынылып отырған талаптарға сәйкес келетін, өз бетінше, толық аяқталған еңбек болып есептеледі.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, диссертациялық жұмыстың авторы А.Халел 6D011900- «Шетел тілі:екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп септеймін, Диссертациялық кенестің үлгі ережесінің 8 ескертуі бойынша Комитет алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін, комитетке ұсыныс жасау туралы шешімді қолдаймын.

Ресми рецензент:

Алматы қаласы. әл-Фараби атындағы ҚазҰУнің  
орыс филология және шетел әдебиеті кафедрасының профессор  
педагогика ғылымдарының докторы

e-mail: [rashida-kas@mail.ru](mailto:rashida-kas@mail.ru)  
phone: 8-777-239-49-25

РАСТАВІЯ  
өл-Фараби атындағы ҚазҰУның  
даярлау және аттестаттау басқармасының б...  
ЗАВЕРЯЮ  
Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров КазНУ им. әл-Фараби  
Р.Е. Кудайбергенова



*Rashida Kas*

Қасымова Р.Т.